

Ш.Мажитаева, А.Садуақасова

*Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті
(E-mail: S_mazhit@mail.ru)*

Семантикалық окказионализмдер

Мақалада қазақ тіліндегі окказионализмдердің жалпы тіл біліміндегі топтастырылуына қысқаша шолу жасалды. Соның ішінде семантикалық окказионализмдердің жасалу ерекшелігі жан-жақты қарастырылды. Авторлар олардың көркем шығармада қолданылуына тоқталып, окказионализмдердің сөз мағынасының кеңеюіне тигізер ықпалын қарастырды. Жинастырылған мысалдар негізінде жазушының тілдік ерекшеліктері, яғни стильдік, сөз қолдану, көріктеу құралдарын қолдану ерекшеліктері, талданды.

Кілт сөздер: окказионализмдер, семантикалық окказионализмдер, көріктеуіш құралдар, окказионал метафора, окказионал метонимия, окказионал эпитет, окказионал теңеулер, жеке қолданыстағы (индивидуалды) сөздер.

Көркем шығармаларда окказионализмдер жазушының бейнелі ойын жеткізуде бірден-бір таптырмас құрал болып табылады. Кез келген жазушы айтайын деген ойын нақты, қысқа түрде ықшамдап жеткізу мақсатында окказионал қолданыстарды пайдаланады. Көркем әдебиет тілінде окказионализмдердің қолданылуы белгілі бір әдеби-эстетикалық, идеялық мақсатты көздеуден туған құбылыс болып табылады.

Окказионал қолданыстар — автордың белгілі бір жағдайға байланысты сөз тудыру қажеттілігі арқылы өмірге келген жеке авторлық сөздер мен тіркестер.

«Окказионализмдер — әдеби тілде өзіндік мәні бар, нормаланбаған сөздер. Бірақ стилистикалық бояуы бар болғандықтан, стилистикалық нормаға сай қолданылады», — дей келіп, А.Бейсенбай оларды тіл білімінде фонетикалық окказионализмдер, семантикалық окказионализмдер, сөзжасаушы окказионализмдер деп топтастырады [1; 10].

Окказионализмдер белгілі бір жағдайға байланысты жеке автордың қолданысында пайда болатын, тілдік нормаға, сөздіктерге кіру қабілеті шектеулі, контекст қалауына қарай қызмет атқаратын сөздер болып табылады. Осы окказионал сөздердің поэзияда жиі ұшырасатын түрі — *семантикалық окказионализмдер*. Семантикалық окказионализмдер — тілдегі узуалды сөздердің белгілі бір контексте жаңа мағынаға ие болуы [2; 21].

Сонымен, семантикалық окказионализмдер дегеніміз — тіліміздегі мағынасы жағынан бір-бірімен қабыспайтын қалыпты сөздерден жанасып, мәнмәтінде жаңа мағынаға ие болған қолданыстар.

Тіл білімінде семантикалық окказионализмдерді кейбір зерттеушілер синтаксис саласының нысаны деп санаса, кейбіреулері фразеологияға жақындастырады. Біздің ойымызша, семантикалық окказионализмдерді тек фразеологияға жанастыру қисынсыз болып келеді. Бұл қолданыстарда контексте жымдасып келіп, бір мағына беру ерекшелігі байқалғаныменен, тіркес тиянақтылығы, қолданылу тиянақтылығы байқалмайды және де тұрақты тіркестер ұзақ дәуірдің жемісі болып табылады. Олар тілдің дайын единицасы ретінде қызмет атқарады. Ал жеке автордың қолданысында пайда болған тың, жаңа тіркес тұрақтылық қасиетке ие болу үшін ең бірінші әдеби тілімізден тұрақты орын алуы керек. Сонымен қатар бұл қолданыстарды синтаксис саласының да нысаны деуге болады.

Бұл жөнінде В.Г.Ковалевскаяның пікірі өзгеше: «Необычные сочетания слов не являются предметом исследования синтаксиса, так как речь идет о нарушении синтаксической сочетаемости, а о соединении несоединимых понятий» [3; 12].

Семантикалық окказионализмдер жеке автордың шығармашылығында пайда болып, әр ақын немесе жазушының өзіндік жазу мәнерін көрсететін қолданыстар екендігі мәлім.

Семантикалық окказионализмдердің мынандай өзіндік ерекшеліктері бар:

1) дайын тілдік бірлік ретінде қолданылмайды;

2) құрамындағы сөздердің бастапқы лексикалық мағынасы мүлдем жойылып кетпейді; жеке автордың таным-түсінігімен пайда болады;

3) мәтін ішінде ғана байланысқа түсіп, өзіндік мағынаға ие болып қолданылады.

Демек, семантикалық окказионализмдер сөздің контекстік мағынасына негізделеді.

Тілдегі көркемдеуші құралдар — теңеу, эпитет, метафора, метонимия, синекдоха, эвфемизм — бәрі де көркем суреттің, образды жасаудың, жазушының, ақынның шеберлігінің көрсеткіштері. Қазақ тіл білімінде осы көркемдеуші құралдардың басым көпшілігі азды-көпті зерттелді. Осындай көркемдеуші құралдарды пайдалануда жазушы өзінен бұрынғы әдебиет майталмандарының, халық тілінің мол қазынасын кеңінен пайдалана отырып, оларды қолдануда өзіндік нақыш, жаңа тіркесім әкеледі, кей жағдайда жаңа сөздер мен морфологиялық құрылымдар туындап жатады.

Семантикалық окказионализмдер кез келген жазушының тілінде ең көп қолданылатын тың қолданыстар болып табылады. Біз семантикалық окказионализмдердің көркем шығармада қолданылуын, жасалу ерекшелігін қарастыра отырып, былайша топтастырдық: 1) *окказионал метафора*; 2) *окказионал метонимия*; 3) *окказионал эпитет*; 4) *окказионал теңеулер*.

Бейнелеу құралдары бұл ұғым сөз қолдану тәсілдері, бейнелеу сөздер, мысалы, құбылту деп аталатын метафора, метонимия, әсірелеу, тұспалдау, астарлау, теңеу, эпитет, дыбыстық қайталамалар деген мағынада қолданылады. Бейнелеу тәсілдері, әрине, бұдан әлдеқайда кең, мол. Кейіпкерлерді мінездеу, сөйлету, портрет жасау, табиғат көріністерін суреттеу, уақиғаны әр түрлі өрістету — осының бәрінде бейнелеу тәсілдері қолданылады. Әдеби тілдегі сөз байлығы — түгелдей бейнелеу құралы [2;15].

Тіліміздегі семантикалық өзгеріс сөздің ауыспалы мағынада қолданылуынан пайда болады. Семантикалық окказионализмдер жазушының сөз қолдану ерекшелігін, өзіндік жазу мәнерін танытатын құбылыс болып табылғандықтан, стилистика ғылымының зерттеу нысаналарының біріне айналды.

Тіліміздегі семантикалық өзгерістер сөздердің ауыспалы, яғни метафоралық, метонимиялық, қолданыстарында байқалады. Метафоралық қолданысты Аристотель: «...говоря о действительном, соединять с ним невозможно», — деген болатын [3; 17]. Сөздердің ауыспалы мағынада қолданылуы негізінде тілімізде жаңа ұғымдар пайда болады. Және де мұнда бір нәрсені екіншісіне балап немесе мәндес құбылыстарды ұқсатып қана қоймай, сөзге өзгеше бір өң беріп, құбылтып қолданады. Метафора — адамның ойлау ерекшеліктеріне байланысты туындайды. Егер ойды әдейі өзгертіп айтса, онда метафора қажет болғандықтан емес, онсыз болмайтындықтан пайда болады, ол адамның ойлау қабілеті мен тіліне тән деп айтуға болады. Ал ақындар «қажеттілікті ізгілікке» айналдыра отырып, өз шығармашылығында қолданып пайда табады [3; 17].

Метафораны жасау немесе жасай алмау бұл ойлаушы, сөйлеуші адамды сипаттайтын критерийлердің бірі ретінде танылады. Зерттеушілер сөзімен айтқанда, метафора әлемнің жеке тілдік көрінісін бейнелейді, себебі индивидуалдылық жеке адамның белгілі тілдік құралдарды таңдауына байланысты, яғни әр адамға, сөз суретшісіне арнайы тек соған ғана тән қасиет бар.

Сөз жасауда, сөздік қорды байытуда мағына өзгерушілігі жетекші орын алады. Жаңа мағына жасау тілдегі бар материалдардың негізінде болса да, екінші жағынан, сол жаңа мағынаны көрсету мұқтажы сол сөздің мағынасының дамуына, сол сөзден жаңа сөз жасауға себепкер болады.

Сөздің мағынасының өзгеруіне әсіресе ішкі себептерден гөрі, сыртқы себептер көбірек әсер ететіндігі байқалады. Сөз мағынасының ішкі (лингвистикалық) өзгерістерінің бір себебі, жаңа сөз немесе жаңа мағына сөздік құрамға келіп қосылғанда бұрыннан тілде бар сөздердің мағыналарынан өзара қарым-қатынасқа түсіп, солармен синонимдік байланыста жұмсалады. Мұндай жағдайда байланыс екі жақты болуы мүмкін. Сөздік құрамға келіп қосылған жаңа сөз не жаңа мағына бұрыннан тілде қолданылып келе жатқан байырғы сөздер мен байырғы мағыналардың жаңа сөздер мен жаңа мағыналарға сондай әсер етуі ықтимал [3; 7].

Зерттеушілердің пікірінше, кез келген жазушының шығармасында немесе авторы белгісіз халық туындыларында метафораның екі түрі кездеседі екен. Біріншісі — барлық халыққа түсінікті, тұрақты ауыс мағына алған, дәстүрлі қолданылып келе жатқан метафоралар болса, екіншісі — әлі жалпыхалықтық сипат алмаған, жеке тұлғаның сөздік қорынан шыққан метафоралар болып келеді. Олар көбіне әдебиетте қолданылатын және лингвистикадағы метафора деп ажыратылып, екеуі екі ғылымның нысаны ретінде саналады.

Тілімізде метафораларды екі топқа бөліп қарастырады:

- 1) дәстүрлі метафора (кейбір еңбектерде «тілдік (сөздік) метафора» деп беріледі);
- 2) поэтикалық (сөйлеу кезінде туындайтын контекстік) метафора немесе индивидуалды метафора (метафоралық окказионализмдер).

Тілдік (сөздік) метафора сөзге жаңа мағына үстеп, оның семантикалық шеңберін кеңейтіп, әрдайым үздіксіз дамытып отырады. Тілдік метафораның мағынасы халықтың таным-түсінігі, ой-өрісі, тіршілігі мен тұрмысына байланысты. Олар — мағынасы көпшілікке түсінікті, жиі қолданысқа түсетін бейнелі метафоралар. Тілдік метафораның авторы жоқ. Олар — мақал-мәтелдер тәрізді халық қазынасы. Сөз айшығы ретінде тілде тұрақты қолданылады. Бірте-бірте тілдік метафоралардың бейнелілік қасиеті солғындап, күнгірттенеді. Тілдік метафоралар поэтикалық метафоралар тәрізді, негізінен, көркем әдебиетте қолданылады.

Поэтикалық метафора — саналы түрде белгілі мақсат үшін көркемдік құрал ретінде көркем әдебиет пен көсемсөз стилінде қолданылады. Поэтикалық метафораны кейде индивидуалды-авторлық (жеке қолданыстағы) метафоралар деп атайды. Жеке қолданыстағы метафора грамматикалық тұрғыдан келгенде тілдік жүйеге негізделген, тек мағынасы жағынан ғана окказионалды болып келетін қолданыстар. Көп жағдайда индивидуалды метафораларда мағынасы жағынан бір-бірімен байланыса қоймайтын ұғымдардың өзін байланыстырып, ерекше бір бейнелі суреттер береді.

Суреттердің бейнелі ойын әсем де әсерлі жеткізуде окказионализмдер бірден-бір таптырмас құрал болып табылады. Мысалы:

*Момын жауын ағыл-тегіл бұршақтап,
Сыртта ақырын әйнегімді қағады [4; 35].*

Бұл өлең жолдарындағы окказионал тіркес — ақынның өзіндік қолданысы. Тілдік қолданыста *ақ жауын, нөсер жауын* т.б тіркестер кездесіп жатады, алайда *момын жауын* деген тіркес қаламгердің өзіндік метафоралық қолданысы болып табылады. Мәнмәтіннен ақынның *момын жауын* деп жай, ақырын, жылы жаңбырдың түрін адамның мінез-құлқына байланысты айтып отырғаны белгілі. Бұл қолданыс жалпы қолданыста жүрген *нөсер жауынға* қарама-қарсы қолданыс деуімізге болады. Кейін бұл қолданыс (*момын жауын*) жалпыхалықтық қолданысқа айналып кетуі де ғажап емес. Жазушы ойын қысқа да нақты түрде ықшамдау мақсатында қолданылған төмендегідей окказионал қолданыстарға тоқтала кетсек: Мысалы: *Тасбақаның дауылы басылғаны таяуда ғана емес пе еді [4; 5].*

І. Кеңесбаевтің «Қазақ тілінің фразеологиялық сөздігінде» *тасбақа* сөзі арқылы жасалынған мынандай тіркестерді келтіреді: *тасбақа жүріс (тым баяу қимыл, әрекет)* және жергілікті қолданыстағы *тасбақаның аузынан шөп алған адам (өте айлалы, епті, қу адам)* мағынасында айтылған. Ал *тасбақаның дауылы* қолданысы «Қазақ тілінің түсіндірмелі сөздігінде» де, «Қазақ тілінің диалектологиялық сөздігінде» де еш кездеспейді. Демек, бұл қолданыс автордың қаламынан туған жаңа тіркес болып табылады. Қаламгердің *тасбақаның дауылы* қолданысы арқылы ұзақ, апталап, айлап, тоқтамсыз болған дауылдың нышанын байқауға болады.

Жеке авторлық қолданыстағы (индивидуалды) метафора белгілі бір ақынның я жазушының туындысында өмір сүреді. Белгілі мәнмәтінде ғана ұшырасатын сөздің келтірінді мағынасы қашанда әр автордың өзіндік ерекшелігін көрсетеді. Сондықтан келтірінді мағына әрдайым құбылмалы болады. Мысалы:

Қазақтың бағы жүрсе — кәукілдеген мақтан әңгімесі, гүлеген өсегі, кеңірдегін күнге, кіндігін айға ілген кердең жүрісі көбейіп, қараптан-қарап іші жарылып, бұтқа толы болады [4; 140].

Бұл сөйлемдегі *кеңірдегін күнге, кіндігін айға ілген кердең жүріс* деген окказионал қолданысы адамның мінез-қылығына байланысты пайда болған жүріс-тұрысты бейнелеп тұр. Жазушы «шалқайып, шіреніп жүру» мағынасындағы жүрісті суреттеу мақсатында бір-бірімен үйлеспейтін сөздерді өзара байланыстырып, окказионал қолданыс жасаған.

Сондай-ақ окказионал метафора — метафора құрылысы оның түрлері арқылы танылады. Метафоралық мағынасы күнгірттенген — *сағаттың тілі, иенің көзі*, бейнелі метафоралар — *Күн*

мені шомылдырған асыл анам, жан-жағым ақ моншақтар шашыраған (М.Мақатаев), концептуалдық метафоралар — *ми қатпары, семантикалық өріс*; тұрақты метафоралар — *қара алтын, сары алтын*. Соңғы мысалдар метафораның жасалу жолына қарай перифразға ұқсастығын көрсетеді. Метафора ойлау мен болмыстың арасындағы күрделі қатынасты көрсетеді және үнемі сөздің ауыспалы мағынасына негізделген және тілдік қызметі де сан алуан троптың түрі.

Сол сезіміне қоса балдай қымыздың бойды балқытар қызуы қосылғанда, мүлдем қыз қойнынан шыққандай жариясы жоқ қанағат күйімен келіп атына мінді [5; 71]. *Шашырай жайылған көп жылқыны қозғамдап, кеу-кеулесе қайырмалаған дауыс кешкі тымық ауада саңқылдай шығып, қазіргі сәтте ағаш тасасында тұрған Наймантайларға да есітіліп жатты* [5; 72]. *Кешікпей-ақ шыны тегененің ернеуін сүйіп сары қымыз келді* [5; 85]. Бірақ Жалғызтөбенің *бауыздау алқымы тіптен өр болып көтерілген жерінде Наймантайдың шұбары шын ұзаққа шабатын күшін танытып, жақындай түсті* [5; 91]. *Осыған дейін барлық мейірім атаулыны өктемдік пен үстемдікке жеңдіріп, сол үстемдік перзентке деген махаббатын тұншықтырып келсе, қорлық атаулыны әкеден көріп, әкеден безген баланың мына сөзі мейірімге қақпақ болған қырсық мінезді сетінетіп өткендей болды* [6; 91]. Ақын метафораларды дәл тауып жұмсап, өлеңнің экспрессиясын күшейтіп береді. Мұндағы метафора — бейнелер заттық ұғымда жұмсалған ақынның өз қолтаңбасы, контексте ғана мағынасы ашылатын, терең ойлы окказионал (бірқолданар) метафоралары болып табылады.

Мұндай метафоралық қолданыстар жазушының өзіндік қолтаңбасын танытады. Сондықтан да бұл тәрізді метафоралар жалпы халықтық емес, жеке қолданыстағы (индивидуалды) метафора деп аталады. Мысалы: *Бұған дейін сыр алдырмаған сәнді сарайлардың да бөксесі жалаңаштана бастады* [4; 65].

Жазушы қолданған «сарайлардың бөксесі» метафоралық тіркесі белгілі бір ғимараттардың төменгі жақ бетін сомдау мақсатында пайда болып тұр. *Сарайлардың бөксесі* окказионал қолданысының оқырман сезіміне әсер ететін экспрессиялығы мен эмоционалдылығы мол.

Бұрынғы сылбыр тірліктің үлбіреп-мөлдіреп қалған сылқым пердесін айдын көлде бір шоршыған ақ сазандай ақ тәнінің бір рахатымен құлтаршалап күлге лақтырмақ [4; 65]. Бұл сөйлемдегі *сылқым перде* окказионал метафоралық қолданысы автордың өмір құбылысына өзінің идеялық-эстетикалық көзқарасын айқындау негізінде жасалған.

Сылқым перде окказионал қолданысының мағынасы өткен өмірдің парағын ашып, еске түсіру мақсатында жасалып тұр. Мұнда жазушы өмір ақиқатын өткен өмірдің болмыс сырын сырлы сөзбен бейнелеп, адамның сезім күйі арқылы өмір шындығын бір сәттік ойлау нәтижесіннен пайда болған метафоралық тіркес.

Көркем шығармадағы әрбір кейіпкердің образын ашу оның жеке мінезі, жан дүниесі, сезім-түйсігін айқындайтын тілдік құралдар арқылы анықталады. Ол кейіпкер болмысын танытатын тұтас «әлемнің» ішкі жан дүниесін бейнелейтін бір үлгі іспетті.

Көркем шығармада ұлттық мәдениетке сай халықтың тіл байлығын танытатын қолданыстар жиі кездеседі. Жоғарыда көрсетілгендей, сөзде заттың өзі белгіленбейді, аталмайды, зат туралы адамның санасында бейнеленген түсінік, қандай да бір концепт аталады. Автордың туындысынан кездесетін мұндай метафоралардың белгілі бір және әр түрлі жағдаяттарға байланысты көп туындағанын байқауға болады.

Жеке авторлық қолданыстарды талдау барысында көріктеу құралдарының бірі — *метонимиялық окказионализмдер*. Мысалы:

*Басымыз гой алдымен ілігетін назарға,
бара қалсаң базарға.
Кезекте,
Тақиясыз шықпайды журнал менен газет те* [4; 63].

Бұл өлең жолындағы *көшіп жүрген тақия, әзілдесіп тұрады тақия, күйбеңдеген ақ жаулық, ұршықты, ақ жаулықты ертегі* деп отырғаны адамдар жайында айтылып, адамның орнына киімді алмастырып қолдану арқылы ол адамның ұлтын, жас мөлшерін көрсетеді. Осындай қолданысқа байланысты Г.Я.Томилина: «Метонимический перенос «одежда — человек»... служит средством индивидуализации лиц, а также их характеристики по специальному положению, национальности, профессии, возрасту, полу и другим признакам», — деп айтқан болатын (Семантическое развитие названий одежды на основе метонимии в русском языке Русское языкознание. — 1984. — 9-бас. — 70-б).

Бұл өлең жолындағы *тақия* сөзі өзбек халқына байланысты айтылған қолданыс болып табылады.

Сонымен қатар Қадір Мырзалиев өлеңдерінде *көкіректермен сөйлесем, ұйықтатпайды ұйқастар, ақ жаулықты ертегі* сияқты тағы да басқа өзіндік қолданыстар көп кездеседі.

Авторлық қолданыста кездескен окказионал метонимияның мағынасы көбінесе тікелей мәнмәтінмен байланысты болып келеді. Мысалы: *Осы бір өңшең мүләйім жанар бұны бір түрлі мүсіркеп келе жатқаннан сау ма?* [4; 171]. Бұл сөйлемдегі *мүләйім жанар* адамдар жайында айтылып тұр. Мұнда адамның орнына оның мінез-құлқын алмастырып қолдану арқылы оның аянышты, мүсәпір халын көрсетіп тұр. Бұл қолданыс арқылы жазушы жұрттың еш күнәсіз, жазықсыз екендігін сомдап тұр.

Ұлт тілінде жазылған шығармада ұлт дүниетанымына қатысты сөздердің шығарма тілінің көркемдігін арттыруға негіз болуы тілдік тұрғыдан заңды құбылыс болып табылады. Бұл сол тілді немесе әр тілді қолданушының тілдік тұлға ретіндегі даралықтарын айқындай түспек. Мысалы: *Қырқылғандарын анеукүні көш басшы болған қыл иектер аралап көріп, қол-аяғы серейген ұзындарын, құйрықтары төңкерілген үлкендерін, сүйек бітімі, ет алымы дұрыстарын, маңдай тұсы дөң келгендерін, жүні ақ, бозғылттарын, ақ мүйізді ор қасқаларын қошқар қылмаққа бөліп ап, қалған еркек қозыларды мықындарын таянып, алақандарына түкіріп, жалынып тұрған тартқыштардың алдарына көлденең тосады* [4; 130]. Сөйлемде қозыны сипаттауда қазақ тіліндегі сөздерді қолдана отырып, қой шаруашылығына байланысты оқиға барысын сол қалпында беруге тырысқан. Көркемдік жағынан болсын, ойды жеткізудегі жазушының мақсаты тұрғысынан болсын, шығарма тіліндегі сәтті шыққан *құйрықтары төңкерілген үлкендерін* деген бейнелі тіркесі жазушының өзіндік қаламына тән қолданыс екендігі дау тудырмасы анық. Жазушы бұл қолданыс арқылы қазақы қойларға *құйрықтары төңкерілген* деген өзіндік атау беріп тұр.

Жеке авторлық қолданыстағы окказионал метонимиялардың ерекшелігі — біреуінің орнына екіншісін алмастырып қолдану арқылы екі заттың арасынан байланыс тауып ерекше бейнелі, әсерлі, тың қолданыстарды ойлап тапқан.

Жеке авторлық қолданыста ерекше орын алатын бейнелеуіш құралдардың бірі — окказионал эпитет. Окказионал эпитеттер жазушылардың шығармашылығында автордың толғанысын, әлемдегі құбылыстарды қабылдауының, ұғынуының сан қилы әдіс-тәсілдерін, адами танымдағы көріністерін байқаймыз. Д.Исабеков тудырған окказионал эпитеттер бір-екі сөзден құралған емес, керісінше, бірнеше лексемаларды тіркестіре отырып жасалған тың оралымдар. *Кемпірі желінді ешкінің бір сауым сүті мол сыятын зерен тостақты лып еткізіп шалының созылған қолына ұстата қойды* [6; 339]. *Етегі мәсісінің қонышын иіскеген сырма шапан қарсы желге қамазау бола алмаған ба, бет-жүзі етікшінің пышақ жанатын қайысындай қарайып, түтігіп кетіпті* [6; 330].

Қаламгерлер қолданған окказионал эпитеттер — көркемдік, әсерлік үшін жасалған, шығарма тілінің көркемдігін арттыратын амалдардың бірі. Мысалы:

Жанжал мен күнәсі көп, желбас дәурен,

Жалғаннан жалғыз сенсің тілегенім [4; 51].

Мұнда ақын ертеден қалыптасқан қазақ халқының *ар, ұят, иман* тәрізді қасиеттерін сипаттаумен қатар, заманның, уақыт пен кеңістіктің келеңсіздігін суреттеу арқылы окказионал эпитет жасап отыр. Бұл өлең жолдарындағы *желбас дәурен* окказионал эпитетті образдың бейнелі, әсерлі болуын, экспрессиясын күшейтіп тұр.

Окказионал эпитеттерді ақын белгілі бір кезенді айқындауда, кейіпкер портретін жасауда, табиғат құбылысын танытуда сәтті қолдана білген. Мына өлең жолдарына көңіл аударсақ:

Желінсау бұлт түк тамызбай көшеді,

Ерте салды қыр гүлінің шешегі [4; 18].

Желінсау сөзіне Қазақ тілінің түсіндірме сөздігінде мынандай анықтама берілген: мед. Желіннің ісіп, талаурап кетуіне байланысты айтылған, көбінесе қой малында кездесетін ауруға байланысты айтылған. Ал мәнмәтінде автордың суреттеуінде бұлттың бозарып, табиғат құбылысының реңсіз бейнесін суреттеген.

Окказионал эпитеттер көркем шығармада жазушының толғаныстарын, әлемдегі құбылыстарды қабылдаудың, ұғынудың сан қилы әдіс-тәсілдерін, адами танымдағы көріністерін байқатады. Сондай-ақ адамдардың сан қилы көңіл-күйі мен жағдайларын, яғни психологиялық жағдайы, сенімдері мен күйініштері, қуаныштары эмоциялық реңкпен жан-жақты көрсетіледі. Дүниенің, қоршаған ортаның адами-мәдениленген бөлшегі ретінде социумдағы адам өмірін, қоғамның тарихи дамуындағы өзгерістерді, құбылыстарды суреттеу үшін окказионал эпитеттер қолданылады.

Енді қайтып көзге түспей қойған соң көкірегінде сайрап тұрған күлімкөз елес те бірте-бірте солғын мұнар ортасына шегіне түскендей [4; 71]. «Күлімкөз» деген атауға қазақ тілінің түсіндірме сөздігінде мынандай анықтама берген: *Күлім — күлім қақты* — жайдарлана жымыңдады, құлпырыпжайнай түсті. *Күлім көз* — жаркыраған, күлімдеген, жайдарлы, сүйкімді көз жақсылықтың концепциялары ретінде қолданылады. Біздің түсінігіміз бойынша, *елес* сөзі өткен күннің көрінісі, шым-шытырық суреті, бір көрініп сағымға айналуы болып саналады. Әрине, елес әр түрлі жағдайға байланысты болып келеді. Оның жағымды немесе жағымсыз болып келуі мүмкін. Бұл жерде қаламгер *күлімкөз* тіркесін біріккен сөз ретінде қарастырып, оған *елес* сөзін тіркестіру арқылы өзіндік жаңа тіркес жасап тұр. Негізінде, *күлімкөз* сөзі қазақ халқының түсінігінде, танымында сұлулықтың, әдеміліктің, жақсылықтың нышаны ретінде қолданылады. Осы түсінікті негізге ала отырып, қаламгердің бұл жердегі *күлімкөз*, *елес* семасын жайдарлы, қуанышты жағдай ретінде танымыз.

Жеке авторлық қолданыстарда кездесетін окказионал эпитеттер әсерлік, көркемдік, бейнелілік үшін жасалған, шығарма тілінің көркемдігін арттыратын көріктеу амалдарының бірі болып табылады. Окказионал эпитеттер де өзінің сонылығымен ерекшеленеді. Мұнда құбылыстың не заттың белгісін, сыр-сипатын беруде тың тіркестер пайда болып отырады. Окказионал эпитеттер жасалу ерекшелігіне қарай екі топқа бөліп жіктеледі: 1) есім сөздердің тіркесуі арқылы (зат есім + зат есім; сын есім + зат есім); 2) етістік пен зат есімнің тіркеуі арқылы (көсемше, есімше + зат есім).

Есім сөздердің тіркесуі арқылы жасалған қолданыстарының тобын табиғат құбылыстарына қатысты эпитеттер құрайды. Мысалы: *желін бұлт*, *бие бұлт*, *жабағы бұлт*, *шабан бұлт*, *жүн бұлт* т.б. Жалпы әдеби тіліміздегі: *ақша бұлт* — ашық күндері аспанда қалқып жүретін түйдек-түйдек ақ бұлттар; *қаз бауыр бұлт* — ұсақ мұз кристалдарынан пайда болатын ондаған шақырым биіктіктегі жұқалаң тұнжыр бұлт; *шарбы бұлт* — жер бетінен екі-үш шақырым биіктікте болатын селдір бұлт. Жазушы қолданыстарының негізінде бейнелі сурет жатыр. *Шабан бұлт* өте баяу қозғалып бара жатқан бұлттардың көшін елестетсе, *жабағы бұлт* көкті жаппай торлап, тұтасып тұрған бұлттардың көрінісін елестетеді. *Бие бұлт*, *желін бұлттар* аспанның ала бұлттанып келіп, енді-енді жаумақ болып тұрған кезін суреттесе, *жүн бұлт* аспанның ашық кезіндегі қалқып жүрген ақ мамықтай бұлттарды атаймыз.

Етістік пен есімнің тіркесуі негізінде жасалған окказионал эпитеттердің қатарына *сауған фонтан*, *тырсыып піскен тыныштық* т.б. жатқызамыз. Р.Сыздықова: «Тек есім сөздерден жасалғандары емес, өзге тұлғалармен, әсіресе есімшелермен келген эпитеттердің қызметі бұдан да зор. Бұлар әрі эпитет, әрі поэтикалық сурет болып келеді», — деген болатын [7; 18]. Қаламгер жоғарыдағы мысалда окказионал эпитет жасауда сол затты немесе құбылысты жай бейнелеп, айқындап қана қоймай, оны ерекше образды түрде ұсыну мақсатын көздеген.

Қазақ тілінде теңеудің бүкіл лингвистикалық болмысын ашып, оның жасалу жолдары мен синтаксистік құрылымын, түрлерін жан-жақты қарастырып зерттеген ғалым Т.Қоңыров. Ғалымның теңеуге берген анықтамасы: «...теңеу дегеніміз — ұқсас, ортақ белгілердің негізінде бір затты екінші затқа салыстыру арқылы сипатталушы нәрсенің бейнелілік, көркемдік, эмоционалды-экспрессивтік сапасын күшейтетін, сол нәрсені жаңа қырынан, поэтикалық қырынан танытатын әрі стильдік тәсіл, әрі таным құралы [8; 7].

Окказионал теңеуге мысал келтіре кетсек: *Содан Маңадырдың иығынан қақтаған жез сияқтанып ай көтерілгенде өңшең сүліктей қара мінген он шақты жігіт Қарағаш елін артқа тастады* [5; 79]. Дәстүрлі теңеулерде айды күміске, табакқа, алтын теңгеге теңеп жатады. Ал А.Сейдімбековтің қолданысындағы *ай қақтаған жез* сияқты. Сондай-ақ автордың жас келіннің алдынан керілген шымылдығы жаңа өмірдің жаршысы ретінде *ақ ниеттей* деп теңеу табады: *Кешікпей-ақ ақ ниеттей ақ шымылдығы керіліп, ауылдың жігіт-желең, қыз-келіншегі қызылды-жасылды болып, Ақшоқыны өрлеп бара жатты* [5; 13]. *Етегі мәсісінің қонышын иіскеген сырға шапан қарсы желге қамазау бола алмаған ба, бет-жүзі етікішінің пышақ жсанатын қайысындай қарайып, түтігіп кетіпті* [6; 13]. Бұл теңеудің де басқа авторлардан кездесе бермейтіндігі рас. Беттің түтіккенін сипаттағанмен, оның қандай дәрежеде түтігіп тұрғанын суреттеу кездесе бермейді. *Киеванның: «Нағып жатпағансың?»* — деген ақырын шыққан даусының өзі жалғыздыққа ұйыған денеге *қырық жуалдыз сұққандай әсер етіп, кемпірі «көтек» деп баж ете қалды* [6; 13]. Жуалдыз — оңтүстік диалектіде тебен, үлкен ине. Ендеше, тыныштыққа мүлгіген кемпірдің денесіне шалының сыбыры қырық ине сұққандай әсер еткен.

Т.Әбдіков шығармаларында адамға қатысты теңеулерді жиі қолданған. Мұндай теңеулердің өзін бірнеше тақырыпқа бөліп қарастыруымызға болады.

1. Жазушы шығармаларында *ата, әке* іс-әрекетіне теңелген теңеулер көрініс тапқан.

Мысалы, *Алманы көргенде, марқұм Рысмағамбетті көргендей боламын, әкесінің аузынан түскендей* [9; 76], *Әкесі өлгендей тұлан тұтып, ыдыс-аяқты салдырлатып жүр* [9; 93], *Ұлдай да әкесі базардан келгендей арсалақтап қуанышты* [9; 85]. Бұл мысалдардың алғашқы үшеуінде кейіпкердің бет-пішінін суреттеуде «әкесінің аузынан түскендей», кейіпкердің ашу-ызасын беруде «әкесі өлгендей», қуаныш сезімін көрсетуде «әкесі базардан келгендей» деген тіркестер ұтымды қолданған.

2. *Ер, еркек* сөздерінің теңеу жасауда қолданылуы. Мысалы, *Орыс әйелдерінің ішінде зор денелі, ажымды, қайратты жүзі бар, қолы, кеудесі еркектей кесек, орта жастағы келіншек жүр* [9; 92], — *Бәріміз боп бас қосқан байлауға көнбесең, адамша, еркекше неге сол жерде ашып айтпадың?* [9; 102], *Ерше барып, итше қашып жүріп, малын, басын жаудан қорғаудың да мәнісін білмесе керек* [9; 103]. Бірінші сөйлемде *еркек* сөзі кейіпкердің портретін беру үшін жұмсалса, екінші, үшінші сөйлемдерде бұл сөз адамның қасиетін сипаттауда қолданылған.

3. *Қарт, шал, үлкен* сөздерінің теңеу жасауда қолданылуы. Мысалы, *Оның оң жақ, сол жақ қапталындағы арса-арса тастары беттерін басқан кем иек шалдар сияқты* [9; 68], *Бұл төбе кәрі қарттай қашаннан бері бар* [9; 69], *Ол көп нәрсені үлкендерше пайымдай бастаған* [9; 130], *Бала емес, ысылған, ашық үлкендерше сөйлейді* [9; 73]. Бірінші, екінші сөйлемдерде *шал, қарт* сөздері табиғатты суреттеуде қолданылса, үшінші, төртінші сөйлемдердегі *үлкендерше* теңеуі кейіпкерді мінездеуде жұмсалып тұр.

4. *Әйел, қатын* сөздерінің теңеу жасауда қолданылуы. Мысалы, *Кербез әйел секілді жүрісің* [9; 124], *Буаз қатындай шермиген жездемнің ішін көргенде, ол үшін жұрттан мен ұяламын* [9; 152], — *Өсекші қатынша жаман сөз жиғанша, құдайға тәубе қылсаңшы, — деймін* [9; 156]. Бірінші мысалда кейіпкердің жүрісі кербез әйелге теңелсе, екінші мысалда теңеу адамның сырт-пішінін суреттеуде жұмсалған. Үшінші мысалда теңеу адамның жаман қасиетін беруде қолданыс тапқан.

5. *Ана, әже, ене, шеше* сөздерінің теңеу жасауда қолданылуы. Мысалы, *Анамдай қымбат жеңгеміз, Нұрыш мүшелге келіп жатыр* [9; 138]. *Анамыздай қымбат Отан үшін олар жандарын қиды* [9; 128]. *Маған мына дүние әжемнің омырауындай көрінді* [9; 155]. *Оның мына сөзі енемнің жылы көзқарасындай сезілді* [9; 161]. *Торғай өзені шешемнің бесігіндегі тербетеді* [9; 163]. Бірінші сөйлемде кейіпкердің ең жақын адамын туған анасына баланса, екінші сөйлемде Отан анаға теңелген. Қалған мысалдарда теңеулер ауыспалы мағынада келіп тұр.

6. Т.Әбдіковтың бала қылығына теңеген теңеулері де кездеседі. Мысалы, *Алма менің мойнымнан құшақтап, жылап қоя берді. Кішкентай балаша көз жасына малышынған бет-аузын бетіме үйкеді* [9; 330], *Содан кейін жасөспірімдерге тән аңқаулықпен тебірене: — Соның ішінде «Дауыл» деген өлең бар екен, — деді кәдімгідей қатуланып* [9; 331]. *Нәрестедей уылжыған аңқау, үндемейтін Айгүлді мәңгілік сәбидей көретін* [9; 358].

Т.Әбдіков шығармаларында эмоционалды-экспрессивті теңеулерді де қолданған.

Жазушы шығармаларында адамның ішкі дүниесінің өзгерісін айқын беру мақсатында жоғары эмоциялық реңкті білдіретін теңеулер қолданылған. Мысалы, *Ішіме тұз құйып жібергендей удай ашытып, қаным басыма шауып, бар тамырым сыздап жарылып кетердей жаным шығып барады* [9; 312]. Кейіпкерлердің қимыл іс-әрекеті мен жай-күйін беру үшін қолданған. Мысалы, *Енді қазір жыланға арбалған бақадай аурудың ықпалынан шыға алмай жатыр. Қозғалғысы келеді — қозғала алмайды, сөйлегісі келеді — үні шықпайды. Әбеннің жан тері шықты. Беймәлім дерт ағаш кескен арадай төзімін жұқартып, біржола тауысуға жақындап қалған секілді* [9; 296]. *Сірке суын ішкендей қолқасына дейін ашытып, тесіп барады* [9; 296].

Автор тілінде теңеулер өңдеуден өтіп, жаңаша қырынан көрініс береді. Мысалы: Мен Сұлтаннның мұншалық *жаны тәтті жарқанат* екенін біле қойған жоқ едім [Б.С.] т.б. тілдік тәсілдердің барлығы да көркем шығармада белгілі бір стильдік мақсатқа орай қолданылады. Т.Әбдіков теңеу жасауда әсіреленген сөздерді қолданбаса да, қандай да бір зат не құбылыс болмасын сол заттың не құбылыстың сапасын, белгісін айқын, оқырман қабылдауына әсер етерліктей етіп береді. Салыстырылып отырған құбылыстың сапасын, белгісін нақты бере алатын заттарға теңейді. Жазушы табиғатта болып жатқан құбылысты, қимыл-әрекетті *ата, әже, ер, еркек, қарт, шал, үлкен, әйел, қатын, ана, ене, шеше, балаға* балау арқылы теңеу формасының негізгі міндеттерін орындай алған. Көркемдігі жоғары әдемі теңеулер сирек болғанмен, қолданылған теңеулер шыншылдығымен, нақты құбылыстарды сипаттауымен ерекшеленеді.

Сонымен, қорытындылай келе, көріктеуіш құралдар шығарманың өңін кіргізетін ең ұтымды тәсіл болып есептеледі. Көріктеуіш құралдар кейіпкердің мінез-құлқын, психологиялық ахуалын, эмоциясын дәл беруде таптырмас құрал болып табылады. Жалпы, ақын-жазушылар өлеңдерінде кездесетін семантикалық окказионализмдерді қарастыра отырып, олардың қолданылу ерекшелігін былайша түсіндіруге болады:

- күнделікті қолданылатын тіліміздегі қалыпты немесе дағдылы тіркестерді қайталамау мақсатында;
- өз ойын, белгілі бір құбылысқа көзқарасын білдіру үшін;
- өзгеше бір тың бейнелі сурет жасау мақсатында қолданылады.

Әдебиеттер тізімі

- 1 *Бейсенбай А.Б.* Әбіш Кекілбаев шығармаларындағы окказионалдық қолданыстар: Филол. ғыл. канд. ... дис. — Астана, 2008. — 24 б.
- 2 *Еспекова Л.Ә.* Қадір Мырзалиев поэзиясындағы окказионализмдер: Филол. ғыл. канд. ... дис. — Алматы, 1998. — 30 б.
- 3 *Аристотель.* Поэтика. — М.-Л., 1936. — 348 с.
- 4 *Кекілбайұлы Ә.* Он екі томдық шығармалар жинағы. — 4-т. — Алматы: Өлке, 1999. — 464 б.
- 5 *Сейдімбеков А.* Аққыз: повестер, әңгімелер және ертегілер. — Алматы: Жазушы, 1991. — 365 б.
- 6 *Исабеков Д.* Тіршілік: повестер мен әңгімелер. — Алматы: Жазушы, 1975. — 254 б.
- 7 *Сыздықова Р.* Абайдың сөз өрнегі. — Алматы: Санат, 1995. — 208 б.
- 8 *Қоңыров Т.* Тұрақты теңеулер сөздігі. — Алматы: Арыс, 2007. — 480 б.
- 9 *Әбдіков Т.* Әке. Повестер мен әңгімелер жинағы. — Алматы: Қайнар, 2005. — 384 б.

Ш.Мажитаева, А.Садуақасова

Семантические окказионализмы

В статье дан краткий обзор классификации окказионализмов в языкознании, также определены особенности образования семантических окказионализмов. Авторами рассмотрено применение окказионализмов в художественных произведениях, их влияние на расширение понятий слов. На основе собранного языкового материала проанализированы языковые, стилистические особенности писателя.

Sh.Mazhitayeva, A.Saduakasova

Semantic occasionalisms

This article makes an overview of classification of nonce words in linguistics and also defines features of forming semantic occasionalisms. The authors investigate application of nonce words in fiction and influence on extension of the concept of the words. Based on data collection of language material it is analyzed linguistic and namely the stylistic peculiarities of a writer.

References

- 1 *Beiyisenbaiy A.B.* *Application of nonce words in works of Abish Kekilbaev*: Cand. Dissertations of Philological Sciences, Astana, 2008, 24 p.
- 2 *Yespekova L.A.* *Occasionalism in Kadir Myrzaliev's poems*: Cand. Dissertations of Philological Sciences, Almaty, 1998, 30 p.
- 3 *Aristotle.* *Poetics*, Moscow-Leningrad, 1936, 384 p.
- 4 *Kekilbaiuly A.* *Twelve-volume collected works, 4*, Almaty: Olke, 1999, 464 p.
- 5 *Seidimbekov A.* *Akkyz: novels, stories and fairy tales*, Almaty: Zhazushy, 1991, 365 p.
- 6 *Isabekov D.* *Existence: novels and stories*, Almaty: Zhazushy, 1975, 254 p.
- 7 *Syzdykova R.* *Abai's brush-work*, Almaty: Sanat, 1995, 208 p.
- 8 *Konyrov T.* *Dictionary of Similes*, Almaty: Arys, 2007, 480 p.
- 9 *Abdikov T.* *Father. Collection of novels and stories*, Almaty: Kainar, 2005, 384 p.